

Кеудесі жақсылардың алтын сандық

Қарттық – көп жасаған адамның басына келетін табиғи жағдай. Алайда, көргені, тоқығаны, білгені көп, кейінгі толқынға қай жағынан болса да үлгі-өнеге болатын, «елінде кім бар?» дегенде «қазыналы қариям бар» деп ұялмай айтатын, елдің елеулісі, көптің қалаулысы болатын дария кеуде, тау мүсін ақсақалдарымыздың бірі де бірегейі Кәки аға деп аса бір тебіреніспен, ерекше илтипатпен айтсам артық емес.



Ат жалын тартып мінген, отызда орда бұзар жасымда тізгін ұстап, жақсылармен араласқан шағымда Кәки ағаның Аманкелді аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып жүрген кезі еді. Аты айтып тұрғандай халық бақылаушысы, безбені болу, осы қызметті атқару шен-шекпенділердің атқарған ісінің төрелігін айту оңай емес шаруа тұғын.

Атынан ат шоштытқан партия комитетінің жанынан құрылған партиялық комиссияның төрағасы болған уақытта Кәки ағаның осы комитетке дейін мектепті бітіре салып еңбек майданына араласып, пионер ұжымының жетекшілігінен бастап үнемі шындалу мектебінен өткенін, қандай ұйымда болмасын бедел белесінен шыға білгенін көруге болады. Басшы болу мейлі, ол үлкен ұйым, не кіші ұйым болсын, ең бастысы сол ұйыммен тіл табысу, өзіңе сендіре білу, сеніміне кіру. Жасыратыны жоқ сүйемелдеумен, жетекпен келген жазатайым

басшының да болатыны рас, ал білік-білімімен ерекшеленетін, ұйым беделін асыратын басшы үнемі өрлеу үстінде болады. Сондай өрлеу жолынан өткен Кәки ағаның қай ортада болмасын сыйлы, беделді болғанын көреміз.

Кешегі 90-шы жылдың кім-кімге болса да жеңіл болмағаны рас. Солай дей тұрғанмен, өз ортасынан басқа ортаға түскенде де, яғни, Көкшетау облысында да ұжым басшыларының бірі болып абыроймен зейнетке шығуы. Туымысынан еңбекпен өткен өмір жолы Кәки ағаны үйде отырғыза алмады, еңбек етуді жалғастырады. Ал, 2000 жылы қала ақсақалдарының қалауымен ардагерлер ұйымына басшылыққа келді. Қызығы мен шыжығы көп осы ұйымды он бес жыл басқарды. Осы еңбек жолында қала басқаруға келген жеті әкіммен тіл табысып, ақсақалдармен арадағы көпір болып, көптің көңілінен шығуда дана халқым айтпақшы «арбаның алдыңғы доңғалағы» бола білді.

Өнер десе ішкен асын жер-

ге қоятын, жасынан «жігітке жеті өнер де аз» - деп түсінетін, жаны нәзік, сұлулық сырын, оның ішінде ән-саз құдіретін серік еткен сері жүрегі, он ойланып, бір толғанып, өзі сияқты өмірді бағалайтын қадірлі қарияларымыздан «Қазына» атты шығармашылық көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырды. «Қазына» қалаға ғана таныс болмай, көршілес Аманкелді, Жангелдин, Жарқайың аудандарының халқына өнерлерін тамашалатты. «Жаным десе, жан семіреді» демекші, халықтың ықпалы қазынаның шабытына шабыт қосып, облыс және республикалық байқаулардың жүлдесін жеңіп алды. Ал, сексеннің сөйсіріңе шығып, ел алдында ризашылығын білдіріп, асқан іштігімен демалысқа шықса да өзінің «халықтық атаңқа не болған» қазынасынан қол үзбей, көршілес Наурызым, Фуликөл аудандарына барып өз жүрегінен шыққан «Ардагерлер әні» жеке дауыста хорды бастап халыққа тарту етті, ардагерлердің ұранына айналдырды.

Өмір тек қана күннен күнге тұрмайды, оның келеңкелі жақтарының да болуын ешкім де қаламайды, бірақ адамның емес, жаратушы иенің десені болады. Осындай жағдай жақсы ағаның да басынан өтті, тұжырымы серігінен айырылды, бірақ «еменнің иілгені сынаны» демекші, иілмеді, жаратушы иенің сынаған көтере білді.

Елдің елеулісі, халықтың қалаулысы асыл ағаның еселі еңбегі, ұзақ жылғы қызметі, мемлекет тарапынан «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Ерлік еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медальдарымен наградталды.

Ал, он бес жыл ардагерлер ұйымын басқарғанда Орталық ардагерлер ұйымының V съезіне делегат әрі мүше болып, екі

рет Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Тыңға 50 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65, 70 жылдығы» медальдарымен наградталды. Сонымен қатар Орталық ардагерлер ұйымының «Құрмет белгісінің» иегері, облыстық меценаттар клубы сыйлығының лауреаты, Арқалық қаласының «Құрметті азаматы» атануы еліне сіңірген еселі еңбектерінің жемісі, халықтың құрметі.

«Талантты адам бар жағынан талантты» деген сөз осы Кәки ағаға арнап айтылған сияқты. Жақ кезде әсіресе жастық шақты неғұрлым көп көруге, білуге көпті игеруге құмал болады, оның үстіне жастық жалын, жастық жігер үнемі алға жетелеп отырады. Жоғарыда жазғанымыздай өнерпаз, спортшы, сал-сері де болған Кәки ағаның тағы бір қыры сексеннің сегізінше шыққанда ашылғандай. Өздігінен араб әліпбесін игеріп, құранды оқып, үйреніп, дін жолына түссе, кейінгі толқынға жаратушы иенің хадистерінен дәріс ұлағат, өнегелі сөздерді айтып, абыз ақсақал ретінде жаттанды емес, өзі шығарып бата берудің өзі иете тұрады.

Биыл сексеннің бесеуіне шығар жаста Ұлы Абайдың 175 жылдығына байланысты бірнеше жыр, дастандарын жатқа айтып, оның үстіне өз толғанысы мен тебіренісін қазаға түсіріп өлең шығарса, ал сол өлеңдеріне көкейінен күмбірлеп ән-әуен боп төгіліп онысын көпке тарту етсе қалай таң қалмасқа, қалай сүйсінеске?

Қазақ қуанышын көпке ұсынғып, үлкеннің батасын алуды жақсы үрдіске, салтқа айналдырған халық. Сондықтан да «баталы күл арымас» деп бе-

керге айтпаған, ал, ортасында, шөбере, шөпшек сүйген қарт болса «абыз ақсақалдан» бата алуды бір ганибет санаған. Ол қария оқығанын жатқа айтпай, тоқығанын, өз жанынан шығарып айтса, оған қалай жаны жай тауып, шаттанбасын, сүйсінбесін. Жас нарестеге ат қою, жас келінге бата беру, көптің қуанышын бөлісу қазақтың қанында бар десек те, абыз ақсақалдан төрге отырғызып, батасын алу ұмытылмас сәттердің бірі. Табиғат ана өз дегенін істейді, жисат келді, шау тартты деп жатамыз, бірақ, бұл сөз Кәки ағаға қарап айтылмаған.

Оның айтағы жеті мүшелге келгенде өзінің кіндік қаны тамған, өмір көктемін сонда өткізген Аманкелді ауданына 7-тамыз күні ала қаласа шығармашылық концерт бермек.

Кешегі өмір айдынында қатар жүзген, бүгінде қайтпас сапарға аттанған Мирамхан Қашыповтың қызы Ләззат, Длдәбек Қорғанбековтің қызы Шолпан, Бақытбек Сейіловтың қызы Ботақоз, Қажығалиевтың қызы Жанат, інісі композитор Қалибек Дербісалин, композитор Айтбай Мұздахановтың қызы Анар және т.б. жас қырандар Кәки әкесімен сахна төріне шығады, туған халқын өнерлерімен сусындатады.

Жаратушы ие қарға екем қарғаға 300 жыл ғұмыр сыйлапты, алайда, ең сүйіктісі адам баласына сирек те болса 100 жас беріп, сүйікті перзентіне мәңгілік ғұмырды тарту еткен екен. Сол мәңгілік ғұмырыңыз ол сіздің қаныңыздан жаратылған перзенттеріңіз, немерелеріңіз, шөберелеріңіз.

Жақсы аға, алда Алланың көрсетер қызығы, берер жасы көп болсын!

Жәнібек ҒАҒБАСҰЛЫ,
Сіздің игі ісіңізді жалғастырушы ініңіз және